

Қазақстандағы Erasmus+ бағдарламасының ақпараттық күні

2025 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстандағы Erasmus+ ұлттық кеңсесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (ҚР ҒЖБМ) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің және Білім мен мәдениет жөніндегі Еуропалық атқарушы агенттіктің қолдауымен Есіл университетінің базасында Erasmus+ бағдарламасының Қазақстандағы Ақпарат күнін ұйымдастырды. Ақпараттық күнге С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті тарапынан Ауыл және орман шаруашылығы институтының директоры Гүлмира Сатыбалдиева және «Ландшафттық дизайн» білім беру бағдарламасының PhD, аға оқытушысы Сара Қытайбекова қатысты.

Гүлмира Сатыбалдиева «EduFusion жобасы мысалында құрылымдық реформаларды іске асыру бойынша ұсыныстар» атты баяндама жасады. Шара барысында Erasmus+ бағдарламасының ақпарат күніне қатысушыларға EduFusion жобасының алғашқы жылы іске асырылған нәтижелері ұсынылды.

Edu-Fusion тұрақты өсу желісі (EduFusion NSG) жобасы Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған.

Жобаның мақсаты – индустрия мен академиялық орта арасындағы байланысты нығайту, оқытушыларды оқыту және сертификаттау, сондай-ақ еңбек нарығының талаптарына жауап беретін онлайн курстарды ұсыну арқылы елде кәсіпкерліктің орнықты дамуын қамтамасыз ететін экожүйе құру.

Күтілетін нәтижелер:

- Білім және өнеркәсіп өкілдері арасындағы ынтымақтастыққа арналған AICP порталының құрылуы, ол білім беру ұйымдары мен бизнес секторы арасындағы байланыстырушы алаң болады.
- Оқытушыларды дамыту және қолдау жүйесін (TDSS) құру, ол заманауи оқыту әдістемелеріне негізделген, аккредиттелген педагогтарды даярлау бағдарламаларын ұсынады және білім беру алшақтығын азайтуға бағытталады.
- STEAM және кәсіпкерлік бойынша виртуалды академия (VSEA) құру, ол гендерлік инклюзивтілік пен климаттық бейтараптықты басымдыққа ала отырып, STEAM бағыттары мен кәсіпкерлік бойынша аккредиттелген онлайн курстар ұсынады.
- TDSS арқылы заманауи әдістемелерді қолдана отырып 200 мұғалімді оқыту және сертификаттау, олардың кемінде 50%-ы жобаның соңғы жылында халықаралық сертификаттау стандарттарына сәйкес болуға тиіс.
- Кәсіби даму бағдарламаларын (PDP) халықаралық сапа стандарттарына сәйкестендіре отырып жаңарту және жаңа бағдарламалар әзірлеу.

Мақсатты топтар: білім алушылар, оқытушылар, жұмыс берушілер, тәлімгерлер.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің командасы TDSS оқытушыларын даярлау және сертификаттауға бағытталған 3-ші жұмыс пакетін (WP3) іске асыруға жауапты.

EduFusion Network for Sustainable Growth жобасы аясында қатысушылар серіктес жоғары оқу орындарының базаларында ұйымдастырылған семинарларға қатысты. Алғашқы кездесу 2025 жылдың 14–17 қаңтары аралығында Португалда өтті. Одан кейінгі семинарлар: 2025 жылдың 22–24 шілдесінде Виго университетінде, 10–12 қыркүйекте академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде, сондай-ақ 5–7 қараша аралығында Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінде ұйымдастырылды.



Ұйымдастырушы: Қазақстандағы Erasmus+ ұлттық кеңсесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (ҚР ҒЖБМ) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің және Білім мен мәдениет жөніндегі Еуропалық атқарушы агенттіктің қолдауымен.

Қатысушылар: ЖОО ректорлары, проректорлары, профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік қызметкерлер, басқа да мүдделі тараптар мен ұйымдар.

Модератор: Лаура Палуанова, Қазақстандағы Erasmus+ ұлттық кеңсесінің үйлестірушісі